

Исх. №: 03 от 08.09.2025
Ref. No: _____ from _____

**Облыстық, республикалық маңызы бар
қалалар Астана, Алматы, Шымкент
қалалық Білім басқармалары басшыларына,
мектеп және колледж директорларына**

Ақпараттық хат

Құрметті ұстаздар, қадірлі әріптестер! Сіздерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтаймыз! Мәртебелі қызметтеріңізге табыс, жанұяларыңызға амандық тілейміз.

2025 жылдың сәуір айында Алматы қаласында «FalconEuroBus» ЖШС Басқармасының төрағасы Әділханов Мұрат Әділханұлының бастамасымен және демеушілігімен Қасыл Қасқарбайқызы Қатықбаеваның 100 жылдығына арналған республикалық «Ұстаз мәртебесі – ұлт мерейі» байқауы бастау алған болатын.

Байқаудың мақсаты - жастар бойында ұлттық құндылықтарды, соның ішінде Анаға құрмет сезімін қалыптастыру бағытындағы республика педагогтерінің шығармашылық әлеуетін анықтау, озық педагогикалық тәжірибені тарату, педагог мәртебесін арттыру.

Республика өңірлерінің көптеген педагогтерінің ұсынысымен Байқаудың ұйымдастыру комитеті байқауға қатысушыларды тіркеу мерзімін 2025 жылдың 30 қыркүйегіне дейін ұзартылғанын хабарлаймыз.

Байқаудың Ережесі өткізу кезеңдеріне енгізілген өзгерістерімен хатқа қосымшада берілген.

Құрметті әріптестер, осы ақпаратты өздеріңіз басқарып отырған аймақтардың мектептері мен колледждеріне жеткізіп, мұғалімдердің белсенді қатысуына ықпал етулеріңізді сұраймыз.

Құрметпен,

«FalconEuroBus» ЖШС Басқармасының төрағасы:

М. Ә. Әділханов

Байқаудың ұйымдастыру комитетінің төрағасы,

Қазақстанның Еңбек Ері:

А. Т. Миразова



Алматы қаласында өтетін
Қасыл Қасқарбайқызы Қатықбаеваның 100 жылдығына арналған
Республикалық «Ұстаз мәртебесі – ұлт мерейі» байқауының
ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ереже

1. Қасыл Қатықбаеваның 100 жылдығына арналған «Ұстаз мәртебесі – ұлт мерейі» республикалық байқауын өткізу туралы осы ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI ҚРЗ Заңының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес әзірленді.

2. Ереже:

- байқауға қатысудың шарттарын, қатысушыларға, құжаттар мен материалдарға қойылатын талаптарды;

- байқаудың түрін, реті мен тәртібін;

- байқау кезеңдері мен олардың мазмұнын;

- финалистерді анықтау мен байқау жеңімпазын марапаттау тәртібін белгілейді.

3. Байқаудың мақсаты – жастар бойында ұлттық құндылықтарды, оның ішінде Анаға құрмет сезімін қалыптастыру бағытындағы республика педагогтерінің шығармашылық әлеуетін анықтау, инновациялық педагогикалық тәжірибені тарату, педагог мәртебесін арттыру.

4. Байқаудың демеушісі және ұйымдастырушысы – «FalconEuroBus» ЖШС.

5. Байқаудың ұйымдастыру комитеті және баспасөз қызметі **осы** компанияның кеңсесінде орналасады.

6. Байқау 2025 жылдың сәуір айы мен 2026 жылдың **мамыр** айы аралығында өтеді.

7. Байқауға орта мектептер мен колледждердің педагогтері қатыса алады.

8. Байқау материалдары үш тілде де қабылданады: қазақ тілінде, орыс тілінде, ағылшын тілінде.

9. Байқау 12 тақырыптан тұратын «Педагогикалық марафон» түрінде ұйымдастырылады.

10. Байқау арнайы әзірленген электрондық платформада өтеді.

11. Байқау материалдарын сарапшылар электронды платформада бағалап, қорытындысын шығарып отырады.

12. 2026 жылдың сәуір айында ең жоғары балл жинаған 12 жеңімпаз мәрелік кездесуге ұсынылады.

13. Мәрелік кездесу Алматы қаласында өтеді.

14. Байқау қорытындысы 2026 жылы мамыр айында шығарылады.

2. Ұйымдастыру комитеті және оның қызметі

1. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады. Оның құрамына «FalconEuroBus» ЖШС басшылығы, педагог қызметкерлердің көрнекті өкілдері, жоғары педагогикалық оқу орындарының профессорлары, Қазақстан республикасына еңбегі сіңген ұстаздар, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, «педагог-шебер» санатты мұғалімдер кіреді.

2. Ұйымдастыру комитетінің қызметі:

- байқауды дайындау және өткізу бойынша ұйымдастыру жұмысын атқару;

- байқау материалдарын қабылдау, сараптамалық кеңеске жолдау;
- құжаттар тізбесі бойынша ұсынылған жұмыстарды тіркеу, толтырудың дұрыстығын тексеру және байқауға қатысушылардың құрамын жасақтау;
- Сарапшылар кеңесімен бірлесіп байқау жұмыстарын бағалау өлшемшарттарын әзірлеу;
- байқауға қатысушыларға байқау кезеңдері туралы кеңес беру;
- әр байқау кезеңінің мақсаттары мен міндеттерін түсіндіру үшін нұсқамалық сессиялар өткізу;
- мәселік кезеңді дайындау;
- байқаудың салтанатты ашылуы мен жабылуын дайындау.

3. Сарапшылар кеңесі және оның қызметі

1. Сарапшылар кеңесінің құрамына «FalconEuroBus» ЖШС басшылығы, педагог қызметкерлердің көрнекті өкілдері, жоғары педагогикалық оқу орындарының профессорлары, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген ұстаздар, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, «педагог-зерттеуші» және «педагог-шебер» санатты мұғалімдер кіреді.

2. Сарапшылар кеңесінің қызметі:

- ұйымдастыру комитетімен бірлесіп байқау жұмыстарын бағалау өлшемшарттарын әзірлеу;
- байқаудың белгіленген өлшемшарттарына сәйкес байқау жұмыстарын зерделеу және бағалау.

4. Қатысу шарттары, қатысушыларға, құжаттар мен материалдарға қойылатын талаптар

1. Байқауға қатысу үшін Қазақстан Республикасының азаматы болуы шарт.
2. Байқауға республиканың жалпы орта білім беру ұйымдарының, кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарының мұғалімдері қатыса алады.
3. Байқауға тіркелу барысында педагог көрсетілген барлық сұрақтарға дәлелді жауаптар беруі тиіс. Қандай да бір сұраққа педагог жауап бермеген жағдайда ол педагогті платформа тіркемейді.
4. Байқау материалдары үш тілде де қабылданады: қазақ тілінде, орыс тілінде, ағылшын тілінде.
5. Байқаудың әрбір кезеңі бойынша материалдарды белгіленген уақытында жүктеу қажет. Жүктеуге белгіленген уақыттан кешіккен жұмыстарды платформа қабылдамайды.
6. Байқау материалдары әрбір кезеңнің тақырыбына сәйкес болуы тиіс.
7. Байқау материалдарының көлемі әрбір кезеңнің шартында белгіленген өлшемнен (минут) аспауы тиіс.
8. Байқау материалдарының түрі әрбір кезеңнің шартында белгіленген атауларға сәйкес болуы тиіс (*қысқа мерзімді жоспар, бейнебаян, өзіндік талдау немесе ой-толғау*). Байқау материалдарының қандай да бір түрі болмаған жағдайда жұмыс байқауға қабылданбайды, педагог байқаудан шеттетіледі.

5. Байқаудың түрі, реті мен тәртібі

Байқаудың 12 тақырыбы 8 кезеңге топтастырылған.

Әрбір кезеңнің тақырыптары белгіленген.

I кезең. 2025 жыл, қазан

1-тақырып. «Қасыл ана ұлағатын ұстана отырып, білім мен тәрбиедегі анаға құрмет, үлкенге ізет өнегесін ашу»

II кезең. 2025 жыл, қараша

2-тақырып. «Ұстаз мәртебесі – Ұлт мерейі».

3-тақырып: «XXI ғасыр педагогінің келбеті».

III кезең. 2025 жыл, желтоқсан

4-тақырып: «Құнды білім, құтты білік».

5-тақырып: «Поэзия».

IV кезең. 2026 жыл, қаңтар

6-тақырып: «Туған жерге тағзым».

7-тақырып: «Өнер».

V кезең. 2026 жыл, ақпан

8-тақырып: «Біртұтас тәрбиені іске асырудағы ұлттық құндылықтардың орны»

9-тақырып: «Спорт».

VI кезең. 2026 жыл, наурыз.

10-тақырып: «Мамандық таңдау».

11- тақырып: «Шешендік өнер-Дебат».

VII кезең. 2026 жыл, сәуір

12-тақырып: «Кітап оқуға құштарлық».

Сараптау жұмысын қорытындылау

VIII кезең. 2026 жыл, мамыр.

Мәрелік кездесу: «Мен - Толық адаммын».

Байқау тапсырмалары байқаудың **платформасында** орналастырылады.

Әр тапсырманы орындамас бұрын барлық байқауға қатысушылар байқау кезеңінің мақсаттары мен міндеттерін түсіну үшін нұсқамалық сессияға қатысады.

2026 жыл, мамыр.

Қорытындылау, марапаттау

Байқау жеңімпаздарын марапаттау Талдықорған облысы, Алакөл ауданы Бұлақты (Бескөл) ауылындағы Қасыл Қасқарбайқызы Қатықбаеваның

100 жылдық мерейтой салтанаты барысында өтеді.

6. Байқау кезеңдерінің сипаттамалары

№	Тақырыбы	Мерзімі	Сипаты	Бағалаудың өлшемшарттары
I	<p>1-тақырып: «Қасыл ана ұлағатын ұстана отырып, білім мен тәрбиедегі анаға құрмет, үлкенге ізет өнегесін ашу». «Анаға құрмет – адамзаттың басты құндылығы»</p>	2025 жыл, қазан	<p>Педагог оқушылармен Ананың қоғамдағы орны туралы, бүгінгі отбасындағы Ананы құрметтеу туралы, Қасыл ана ұлағатын ұстана отырып, білім мен тәрбиедегі анаға құрмет, үлкенге ізет өнегесін ашатын тәрбиелік іс-шара өткізеді. <i>Платформаға келесі құжаттар жүктеледі:</i> 1) іс-шараның қысқа мерзімді жоспары; 2) іс-шараның және оның өтуі бойынша мұғалімнің өзіндік талдауы кіріктірілген бейнебаян. <i>Бейнебаянның ұзақтығы-10 минут.</i></p>	<ul style="list-style-type: none"> • жоспардың тақырыпқа, мақсатқа сайлығы; • іс-шараның жоспарға сәйкестігі; • өзіндік талдаудың толықтығы. <p>I кезеңінің байқау жұмыстары бағалауды сараптау комиссиясы 2025 жылғы 01-30 қараша аралығында жүзеге асырады.</p>
II	<p>2-тақырып: «Ұстаз мәртебесі – Ұлт мерейі». «Ұстаз – ұлтты құтқарар ең ұлы тұлғалар» (М.Ататүрік)</p>	2025 жыл, қараша	<p>Педагог «Мұғалімдер күні» мерекесіне орай Ұлы дала ұстаздары туралы және бүгінгі күнгі Ұстаздың қоғамдағы орны, мәртебесі туралы әңгімелеп іс-шара өткізеді. <i>Платформаға келесі құжаттар жүктеледі:</i> 1) іс-шараның қысқа мерзімді жоспары; 2) іс-шараның және іс-шараның өтуі бойынша мұғалімнің өзіндік талдауы кіріктірілген бейнебаян. <i>Бейнебаянның</i></p>	<ul style="list-style-type: none"> • жоспар мен іс-шараның мақсатқа сәйкестігі; • өзіндік талдау толықтығы; • педагогтің әлемдік білім трендтерін білу деңгейі; • ХХІ ғасыр талабын меңгеруі; • ой-толғаудың логикалық және мазмұндық бірізділігі.

	<p>3-тақырып: «XXI ғасыр педагогінің келбеті». «Педагог келбеті – балаға үлгі»</p>		<p><i>ұзақтығы-10 минут.</i> Байқауға қатысушы XXI ғасыр педагогына қойылатын талаптар, білім берудегі әлемдік трендтер және ұлттық құндылықтар негізінде еліміздің педагогінің келбетін сипаттайды, сол талаптардың өзінің бойындағы көріністерін көрсететін бейнебаян түсіреді. <i>Ұзақтығы қатысушының еркінде. Платформаға келесі құжат жүктеледі:</i> 1) педагогтің еліміздің XXI ғасыр педагогінің келбеті бойынша ой-толғауы және сол талаптардың өзінің бойындағы көріністерін бейнелейтін бейнебаян. <i>Бейнебаянның ұзақтығы-5 минут.</i></p>	<p>II кезеңінің байқау жұмыстары бағалауды сараптау комиссиясы 2025 жылғы 01-30 желтоқсан аралығында жүзеге асырады.</p>
<p>III</p>	<p>4-тақырып: «Құнды білім, құтты білік». «Құнды біліммен құтты білікке»</p>	<p>2025 жыл, желтоқсан</p>	<p>Педагог «Білім күні» мерекесіне орай оқушылармен іс-шара өткізеді. <i>Платформаға келесі құжаттар жүктеледі:</i> 1) іс-шараның қысқа мерзімді жоспары; 2) іс-шараның және іс-шараның өтуі бойынша мұғалімнің өзіндік талдауы кіріктірілген бейнебаян. <i>Бейнебаянның ұзақтығы-10 минут.</i></p>	<ul style="list-style-type: none"> • жоспардың тақырыпқа сәйкестігі; • іс-шараның орындалу сапасы; • өзіндік талдау толықтығы; • поэзияда жан-жақтылық; • мәнерлеп оқу шеберлігі; • ой-толғаудың логикалық бірізділігі.
	<p>5-тақырып: «Поэзия». «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы,</p>		<p>Педагог бірнеше ақынның өлеңдерін және өзінің өлеңдерін мәнерлеп оқып бейнебаян түсіреді.</p>	<p>III кезеңінің байқау</p>

	Қиыннан қиыстырар ер данасы. Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы...» (Абай).		<i>Платформаға келесі құжат жүктеледі:</i> 1) мұғалімнің өлеңді мәнерлеп оқу шеберлігін көрсететін және педагогикалық қызметтегі поэзияның орны туралы ой-толғауы кіріктірілген бейнебаян. <i>Бейнебаянның ұзақтығы-5 минут.</i>	жұмыстары бағалауды сараптау комиссиясы 2026 жылғы 05-30 қаңтар аралығында жүзеге асырады.
IV	6-тақырып: «Туған жерге тағзым». «Туған жерім - тағдырым»	2026 жыл, қаңтар	Педагог оқушының бойында туған жері ауылын, ауданын, қаласын, облысын, қазақ елін мақтан тұтатын елжандылық құндылық қалыптастыру мақсатындағы іс-шара өткізеді. <i>Платформаға келесі құжаттар жүктеледі:</i> 1) іс-шараның қысқа мерзімді жоспары; 2) іс-шараның және сол іс-шараның өтуі бойынша мұғалімнің өзіндік талдауы кіріктірілген бейнебаян. <i>Бейнебаянның ұзақтығы-10 минут.</i>	<ul style="list-style-type: none"> • жоспардың тақырыпқа сәйкестігі; • іс-шараның орындалу сапасы; • өзіндік талдау толықтығы; • өнерпаздық жан-жақтылығы; • орындаушылық шеберлік; • ой-толғаудың мазмұндылығы.
	7-тақырып: «Өнер». «Әсемпаз болма әрнеге, өнерпаз болсаң арқалан» (Абай).		Педагог өзінің өнерпаздығын (ән, күй, би, музыкалық аспапта ойнау т.с.с.) көрсететін бейнебаян түсіреді. <i>Платформаға келесі құжат жүктеледі:</i> 1) мұғалімнің өнерге құштарлығын, орындаушылық шеберлігін көрсететін	

			және өнерпаздықтың педагогикалық қызметке әсері туралы ой-толғауы кіріктірілген бейнебаян. <i>Бейнебаянның ұзақтығы-5 минут.</i>	
V	8-тақырып: «Біртұтас тәрбиені іске асырудағы ұлттық құндылықтардың рөлі». «Әділ Қазақстан – жауапты азамат – прогрессивті ұлт»	2026 жыл, ақпан	Педагог «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты идеясын жүзеге асыру және оқушы бойында Ұлт бейнесін анықтайтын негізгі құндылықтарды қалыптастыру мақсатындағы іс-шара өткізеді. <i>Платформаға келесі құжаттар жүктеледі:</i> 1) сабақтың қысқа мерзімді жоспары; 2) іс-шараның және іс-шараның өтуі бойынша мұғалімнің өзіндік талдауы кіріктірілген бейнебаян. <i>Бейнебаянның ұзақтығы-10 минут.</i>	<ul style="list-style-type: none"> • жоспардың тақырыпқа сәйкестігі; • іс-шараның орындалу сапасы; • өзіндік талдау толықтығы; • спорттағы жан-жақтылық; • спорттық шеберлік; • ой-толғаудың логикалық бірізділігі.
	9-тақырып: «Спорт». «Тәні саудың жаны сау»		Педагог өзі айналысатын спорт түрі бойынша жетістіктерін әңгімелейді, жаттығуларынан бейнебаян түсіреді <i>Платформаға келесі құжат жүктеледі:</i> 1) мұғалімнің өзі айналысатын спорт түрі бойынша жаттығуы және педагогикалық қызметтегі спорттың орны туралы ой-толғауы кіріктірілген	V кезеңінің байқау жұмыстары бағалауды сараптау комиссиясы 2026 жылғы 01-30 наурыз аралығында жүзеге асырады.

			бейнебаян. <i>Бейнебаянның ұзақтығы-5 минут.</i>	
VI	10-тақырып: «Мамандық таңдау». «Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та, бар қалан» (Абай)	2026 жыл, наурыз	Педагог «2025 жыл - жұмысшы мамандықтар жылын» қорытындылауға арналған оқушылардың мамандық таңдауына арналған іс-шара өткізеді. <i>Платформаға келесі құжаттар жүктеледі:</i> 1) іс-шараның қысқа мерзімді жоспары; 2) іс-шараның және іс-шараның өтуі бойынша мұғалімнің өзіндік талдауы кіріктірілген бейнебаян. <i>Бейнебаянның ұзақтығы-5 минут.</i>	<ul style="list-style-type: none"> • жоспардың мақсатқа сәйкестігі; • іс-шараның орындалу сапасы; • өзіндік талдау толықтығы. VI кезеңінің байқау жұмыстары бағалауды сараптау комиссиясы 2026 жылғы 01-30 сәуір аралығында жүзеге асырады.
	11- тақырып: «Шешендік өнер-Дебат». «Сөз тапқанға қолқа жоқ»		Педагог өзінің шешендігін көрсететін, оқушылардың шешендігін шындайтын «Шешендік өнер» сайысын өткізеді. <i>Платформаға келесі құжаттар жүктеледі:</i> 1) іс-шараның қысқа мерзімді жоспары; 2) іс-шараның және іс-шараның өтуі бойынша мұғалімнің өзіндік талдауы кіріктірілген бейнебаян. <i>Бейнебаянның ұзақтығы-5 минут.</i>	
VII	12-тақырып: «Кітап оқуға құштарлық». «Кітап оқуға құштарлық ұстаздан бастау алады»	2026 жыл, сәуір	Педагог өзінің және отбасының кітап оқуға құштарлығын көрсететін бейнебаян түсіреді. <i>Платформаға келесі құжат жүктеледі:</i>	<ul style="list-style-type: none"> • педагогтің кітап оқуға құштарлығы; • отбасының кітап оқуға құштарлығы; • ой-толғаудың

			<p>1) педагогтің өзінің және жанұясымен бірге кітап оқуы, оны талқылауы сәтінен және педагогтің, жанұяның, оқушының кітап оқуға құштарлығының бүгінгі жайы, оны дамытудың жолдары бойынша мұғалімнің ой-толғауы кіріктірілген бейнебаян. <i>Бейнебаянның ұзақтығы-5 минут.</i></p>	<p>логикалық бірізділігі.</p> <p>VII кезеңінің байқау жұмыстары бағалауды сараптау комиссиясы 2026 жылғы 04-14 мамыр аралығында жүзеге асырады.</p>
	Сараптау жұмысын қорытындылау		Сараптау комиссиясы 12 тақырыптан тұратын «Педагогикалық марафонның» барлық кезеңдеріне қатысып, байқаудың шарттарын толық орындаған педагогтердің қорытынды бағаларын шығарады. Ең жоғары балл жинаған 12 жеңімпазды анықтап мәселік кездесуге ұсынады.	
VIII	Мәселік кездесу: «Мен толық адаммын». «Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» (Абай)	2026 жыл, мамыр	Педагог өзін-өзі таныстыратын көрсетілім ұсынады. Көрсетілімнің түрі педагогтің ақпараттық құзырлылығын көрсетеді. <i>Көрсетілімнің ұзақтығы-10 минут.</i>	12 тақырыпты қамтыған «Ұстаз мәртебесі-Ұлт мерейі» байқауы Педагогикалық марафонының соңында ең жоғары балл жинаған 12 педагог жеңімпаз атанады.
	Қорытындылау, марапаттау.	2026 жыл, мамыр	Байқау жеңімпаздарын марапаттау Талдықорған облысы, Алакөл ауданы Бұлақты (Бескөл) ауылындағы Қасыл Қасқарбайқызы	

			Қатықбаеваның 100 жылдық мерейтой салтанаты барысында өтеді.	
--	--	--	---	--

**7. Ұйымдастыру жұмысы. 2025 жылғы 10 сәуір – 29 қыркүйек аралығы
Байқаудың салтанатты ашылуы 2025 жылғы 10 сәуір күні өтеді.**

Онда:

- байқаудың тұжырымдамасы мен ережесі жарияланады;
- байқау платформасы таныстырылады және платформаға тіркелу басталады;
- байқау платформасына тіркелу барысындағы туындаған сұрақтарға байқаудың баспасөз қызметі күнде **сағат 09:00 – 19:00** аралығында жауап береді;
- байқауға тіркелген педагогтермен **ZOOM конференциясы** өткізіледі.

Байқауға қатысушыларды тіркеу:

- байқауға онлайн тіркеу мерзімі: **2025 жылғы 08.04 – 30.09 аралығы.**
- байқауға қатысуға ниет білдірген барлық педагогтер **<https://ustaz-martebesi.org.kz/>** байқау платформасында тіркеледі, үлгі бойынша қатысуға өтінім береді (қатысушы туралы жалпы мәлімет, жұмыс орны, лауазымы, біліктілігі, өтілі);
- байқау платформасына тіркеу **2025 жылғы 30 қыркүйек күні сағат 17:00** жабылады;

Түсіндіру бойынша нұсқамалық сессия **2025 жылғы 30 қыркүйек күні сағат 18:00 онлайн-конференция** форматында өтеді.

Байқаудың жеңімпаздарына берілетін марапат:

- I орын – Автокөлік
- II орын – Автокөлік
- III орын – Автокөлік
- IV - XII орындар – бағалы сыйлықтар

Байқау жеңімпаздарының тәжірибесі Республикамыздың педагогикалық жұртшылығы арасында таратылады.

Байланыс номері: 8 701 505 0880; 8 700 716 93 54